

Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 26 ақпандағы N 14/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 26 наурызда N 4425 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 ақпандағы N 26/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 18.02.2014 N 26 /5 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуіріндегі Заңына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қаулысына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

2. "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 шілдедегі N 7/3 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10-1-218 нөмірімен тіркелген, 2012 жылы 12 қыркүйекте N 38 "Ақмешіт Ақшамы" газетінде, 2012 жылы 12 қыркүйекте N 37 "Ел тілегі" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың кезектен
тыс XIV сессиясының төрағасы **Ғ. ИБРАЕВ**

Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы **И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ**

Қалалық мәслихаттың
2013 жылғы 26 ақпандағы
N 14/5 шешіміне қосымша

Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Тұрғын үй

катынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы N 1316 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қаулысына сәйкес әзірленді.

1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға ;

2) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар-кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

3) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

4) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

5) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынның саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы

бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табыстың 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырылады.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтінішпен жүгінеді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің" 4-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

4. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады.

5. Уәкілетті орган өтініш берушіге тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажет құжаттарды берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдап, өтініш берушіні хабардар етеді.

2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері

6. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгіленген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

7. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау төмендегі пайдалану нормасына сәйкес жүргізіледі:

- | | | |
|-----|-----------------------------|-----------------------|
| 1) | электр энергиясын пайдалану | 1 айға: |
| 1 | адамға | — 45 киловатт-сағат; |
| 2 | адамға | — 90 киловатт-сағат; |
| 3-4 | адамға | — 100 киловатт-сағат; |

5 және одан да көп мүшесі бар отбасына — 150 киловатт-сағат;

- 2) газбен жабдықтау 1 айға:
5 адамға дейінгі мүшесі бар отбасына – 10 килограмм;
5 адамға және одан көп мүшесі бар отбасына – 20 килограмм;
- 3) ыстық және салқын су – ай сайын 1 адамға тариф бойынша;
- 4) тұрғын үйді күтіп ұстау ай сайын:
1 адамға – 18 шаршы метр;
жалғыз тұратын адамдар үшін – 31 шаршы метр;
- 5) жылумен жабдықтау ай сайын:
1 адамға – 18 шаршы метр;
жалғыз тұратын адамдар үшін – 31 шаршы метр;
- 6) тұрмыстық қалдықтарды шығару – ай сайын әр адамға тариф бойынша;
- 7) кәріз қызметтері – ай сайын әр адамға тариф бойынша;
- 8) телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 қаулысымен бекітілген, әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің қағидасына сәйкес жүргізіледі;
- 9) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде;
- 10) қатты отынды (көмірді) жылыту маусымында пайдалану – әр отбасына
б і р а й ғ а 0 , 5 т о н н а ;
- 11) лифт – әр отбасына тариф бойынша.

3. Қаржыландыру және тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі

8. Тұрғын үй көмегін төлеу есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы аудару жүзеге асырылады.